

2001-2005 жылдарға арналған Республикалық "Сапа" бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 мамыр N 590. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 462 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2001-2005 жылдарға арналған Республикалық "Сапа" бағдарламасы бекітілсін.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармағы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2002.04.24. N 470 қаулысымен

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 2 мамырдағы
N 590 қаулысымен
бекітілген

2001-2005 жылдарға арналған Республикалық "Сапа" бағдарламасы 1. Паспорт

Бағдарламаның атауы: Республикалық "Сапа" бағдарламасы

Қысқаша мазмұны: "Сапа" бағдарламасы отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын, сондай-ақ отандық өнімнің бәсекелесу қабілетін арттыру саласындағы мемлекеттік және жергілікті атқару органдарының және өзге де ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметтерінің негізгі бағыттарын анықтайды:
Негізгі мақсаты мен міндеттері болып:

өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасы саласында
мемлекеттік басқаруды құқықтық қамтамасыз етуді
жетілдіру;
басқару нысандары мен әдістерін жетілдіру;
отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін
арттыруға бағытталған ғылыми-техникалық прогресс
жетістіктерін енгізу;
өнімдер мен жұмыстар, көрсетілетін қызметтер
сапасын және бәсекеге қабілеттілігі саласында
нормативтік құқықтық және ақпараттық қамтамасыз
ету;
тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді
сертификаттаудан сапа жүйелерін сертификаттауға
көшу;
стандарттау, метрология және сертификаттау
саласында кадрларды даярлау;
сапаны арттыру саласында іс-шаралар ұйымдастыру
және насихаттау болып табылады.

Іске асыру мерзімі 2001-2005 жылдар

2. Кіріспе

Республикалық "Сапа" бағдарламасы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысына сәйкес әзірленген.

Сертификатталатын тауарлар тізбесін қысқарту қажеттілігін және сапа жүйелерін сертификаттауға көшуді белгілейтін бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың және заңды тұлғалардың еркін кәсіпкерлік қызметтеріне құқығын қорғау туралы" 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығын орындауға бағытталған.

3. Проблемалардың қазіргі жағдайын талдау

Қазақстан кәсіпорындарында дамудың жалпы және өзіндік проблемалары орын алуда. Атап айтқанда, олар макроэкономикалық, аймақтық, салалық, қаржы-экономикалық сипатта, ішкі және сыртқы рынокта отандық өнімдерді тұтыну деңгейінің төмендеуімен байланысты. Өндірістік аппараттың құрылымы мен техникалық деңгейінің нашарлауы жалғасуда, негізгі қорлардың тозуы артуда, өндірістің шығындары көбеюде.

Елде көптеген проблемалар жинақталды, оның ішінде, атап айтуға

б о л а т ы н д а р ы :

импортқа төлем қабілеттілігі төмен сұраныс;
білікті кадрлардың жылыстауы;
өндіріс секторы тәуекелділігінің жоғары деңгейі;
ондағы өндіруші салалардың өңдеушілермен салыстырғанда басымдығы бар
өнеркәсіп өндірісі құрылымының теңгерімсіздігі;
өнім сапасының төмен деңгейі және оның номенклатурасының өте сирек
жаңартылуы.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында сапа жүйесін енгізу және тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің сапасын арттыру болып табылады.

Республикалық "Сапа" бағдарламасының негізгі міндеттері:
көзделген өткізу рыноктары стандарттарының талаптарына сай және тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыратын, ішкі және сыртқы рыноктарда сапалы және бәсекеге қабілетті тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жобалау мен өндіру үшін жағдай жасау;

шет елдермен саудада техникалық кедергілерді жою жолымен отандық тауар өндірушілердің экспорттық әлеуетін арттыруға көмек көрсету және осы негізде әлемдік экономикаға Қазақстан Республикасының ықпалдасуы проблемаларын ш е ш у ;

мемлекетте экономиканы тиімді реформалау процесінің жеделдетілуін қамтамасыз ететін жұмыстардың, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын арттыруға жәрдемдесетін құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік жағдайлар жасау;

сапа саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру болып табылады.

Бағдарлама мемлекеттік реттеу мен тауар өндірушілердің сапалы өнімдер (көрсетілетін қызметтер) шығаруға экономикалық мүдделерін ұтымды ұштастыру қағидаттарына негізделеді.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Сапа саласындағы мемлекеттік басқару республикада нормативтік құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық-билік ету әдістерін ұтымды үйлестіру негізінде жүзеге асырылуы тиіс, бұл, әсіресе елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы үшін маңызды .

Сапа саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық нысаны республикада осы салада республика заңнамасы нормаларын белгілеу және олардың орындалуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Сапа саласында мемлекеттік басқарудың экономикалық нысандары, ұсынылған шығарылатын өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасын

арттыру жөніндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін ынталандыру, өндірушілер мен сатушылардың сапасыз өнімдерді сатуға және шығаруына экономикалық жауапкершілігін арттыру арқылы жүзеге асырылуы т и і с .

Ұйымдастырушылық-билік ету нысандары өнімдердің сапасын арттыру мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сапа саласы және тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің тұтыну қасиеттері туралы халықтың ақпарат алуын арттыруға мемлекеттік басқару органдарының, олардың өкілеттілігіне сәйкес қ а т ы с у ы н қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

Сапа саласындағы заңнама нормаларын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірушілер мен жеткізушілердің қатаң орындауын мемлекеттік қадағалау органдары өздерінің өкілеттілігіне сәйкес бақылайды.

Сапа проблемасын шешуде тұтынушылар да аз рөл атқармайды, өйткені ішкі рыноктың сыртқа ашылуы жағдайында, олардың сұраныс деңгейі, іс жүзінде, экономикалық дамыған әлем елдері рыноктарында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге талаптарының деңгейімен теңестірілді. Рынок талаптары, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді еркін таңдау мүмкіндіктері, тек қана, отандық емес, шетелдік компаниялар да қатысатын қатаң бәсеке өндірушілерді сапаға бірінші кезекте күш салуға мәжбүр етті. Сапа - бұл нарық бәсекесі жағдайында тіршіліктің бірден бір жолы екенін түсінген кәсіпорындар өздерінің сапа жүйелерін жасайды және сапаға жұмсаған күш-жігері мен қаражаттарынан қ а й т а р ы м а л а б а с т а д ы .

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы проблемасын шешуде мемлекет қолындағы тиімді құралдар стандарттау, метрология және сертификаттау б о л ы п т а б ы л а д ы .

Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымының халықаралық стандарттары бойынша 9000 (бұдан әрі - ИСО 9000 сериясы) сериялы сапа жүйелерін сертификаттау және енгізу процесі елеулі назар аударуға тұрады.

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырудың әдістерін қолданудың осы стандарттарда бекітілген әлемдік тәжірибесі олардың тиімділігін растады.

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі 300 мыңға жуық фирма мен компания өздерінің сапа жүйелерінің осы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін тіркеді. ИСО 9000 сериясына көмекке жүгіну процесі белсенділікпен дамыған сайын, сапа факторының бәсеке күресіндегі маңызы неғұрлым арта түсуде. Сыртқы рынокқа шыққан біздің кәсіпорындар, халықаралық танылған сапа жүйесінің болу қажеттілігін қазірдің өзінде сезініп отыр.

1997 жылдан бастап Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның халықаралық стандарттары негізінде экономикалық дамыған елдерде қоршаған

ортаны қорғаудың басқару жүйесі 14000 (бұдан әрі - ИСО 14000 сериясы) сериясы кеңінен таралған.

Бұл стандарттарды енгізуден күтіліп отырған артықшылықтар арасында - қоршаған ортаны қорғауды бағалаудың халықаралық келісілген әдісін жасау, оның сенімділігін, дәлдігін және дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында ақпаратты бақылау, өнімді қайта өңдеу мен пайдалану және оның шығу тегі туралы ақпаратты, сонымен қатар туындайтын сауда кедергілерін жоюға көмектесетін ақпаратты ұсыну.

Бәсекелесу қабілеті мен өнім сапасы проблемаларын шешудегі табысқа жетудің міндетті шарты - талдамалардың техникалық деңгейін арттыру, жаңа материалдарды, озық технологияларды қолдану, өнімдер орамасының әрленімдерін жақсарту.

Ол үшін өндірушілер және жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, тауарларды сатушылар, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде көрсетілетін қызметтердің және жұмыстардың, тауарлардың қолданыстағы талаптары туралы көкейтесті ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс. Сонымен бірге, пайдаланушыларға ақпаратты беру жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланылып жүзеге асырылуы тиіс.

Өнім сапасы мен өндіру тиімділігін арттыру, көбінесе өнімдерді әзірлеу мен өндіруді басқарудың озық нысандары мен әдістерін енгізуге байланысты.

Көрсетілетін қызметтер мен тауарлар сапасын бақылау және сынау әдістерін жетілдіру, жаңа технологияларды енгізу талап етілуде.

Сапа проблемаларын шешудегі табыстың міндетті шарты практикалық жұмыста өнімдердің сапасын басқарудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалануға қабілетті, жоғары білікті мамандардың болуы болып табылады.

Көрсетілетін қызметтер мен тауарлар сапасы саласында саясатты табысты іске асыру ғылыми-техникалық іс-шараларды жүргізуді қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, сапа мәселелерін насихаттаудың тиісінше ұйымдастырылып, қамтамасыз етілуін талап етеді.

6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландырудың көздері

"Сапа" бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін күрделі қаржы мен материалдық-техникалық шығындар жұмсау қажет.

Бағдарламаны қаржыландырудың көздері болып шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаттары, гранттар, сондай-ақ, заңнамаға қайшы келмейтін өзге де көздері көзделген.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

"Сапа" бағдарламасын іске асыру отандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін және сапасын арттыруды, импортталатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын

арттыруды, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық өсуін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже мыналарды қамтамасыз етеді:

отандық және халықаралық стандарттар негізінде сапаны басқару және қамтамасыз етудің қазіргі әдістерін кеңінен енгізу;

республиканың өндірістік кешені жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту;

көрсетілетін қызметтердің және жұмыстардың, тауарлардың бәсекеге қабілетті жаңа түрлерін әзірлеу мен өндіріске қою, экспортты дамыту және өндірістің көлемін ұлғайту;

отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілетті өнім шығаруы жөнінде қызметін ынталандыру;

тауарлардың барлық түрлерінің тұтынушылық ерекшеліктерін жақсарту, мемлекетте орындалатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;

жаңа жұмыс орындарын құру;

мемлекет халқы мен рыногын сапасыз және қауіпті тауарлардан, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерден қорғау;

қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар жоспары

Іс-шара атауы	!	Орындаушы	!	Аяқталу нысаны	!	Орындалу мерзімі
1		2		3		4

1. Өнімдердің сапасы саласындағы мемлекеттік басқаруды құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру

1.1. "Тұтынушылар құқықтарын қор. ЭСМ, ДАА, Қазақстан 2002 ж. ғау туралы" Қазақстан Монополия Республикасының 3-тоқсан Республикасы заңының жобасын агенттігі Заңы жетілдіруге қатысу

1.2. 2002 және 2003 жылдарға ар. АШМ, ДАА, Қазақстан 2002-

налған заң жобалау жұмыстары. ЭСМ Республикасы 2003 ж.ж.
ның жоспарына мынадай: Үкіметіне есеп
"Балаларға арналған тауар. беру 2003-
лардың қауіпсіздігі туралы", 2005 ж.ж.
"Сәйкестігін растау туралы"
заң жобаларын әзірлеуді
енгізу туралы ұсыныстар дайындау

1.3. Қазақстан Республикасының ЭСМ Қазақстан 2001 ж.
Үкіметіне Мемлекеттік Ин. Республикасы
вестициялар бағдарламасын Үкіметіне
әзірлеу мен іске асыру ақпарат беру
Ережесіне (бұдан әрі - МИБ):
МИБ-на ИСО 9000 сериялы
халықаралық стандарттарға
сәйкес сапаны басқару жүйе.
лерін енгізген шаруашылық
жүргізуші субъектілер ұсынған
басымдықты инвестициялық
жобаларды енгізу;
Қазақстан Республикасы Экономика
және сауда министрлігі Стан.
дарттау, метрология және
стандарттау жөніндегі комите.
тінің қолданыстағы сапаны
басқару жүйесінің болуы туралы
инвестициялық жобалар бойынша
сараптамалық тұжырымдамаларына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы ұсыныс дайындау

2. Сапаны басқарудың нысандары мен әдістерін жетілдіру

2.1. Сапаны жаппай басқару қағи. ЭСМ, ұйым. Қазақстан 2001-
даттары бойынша оларды кейін дар (келі. Республикасы 2005 ж.ж.
дамытып, ИСО 9000 сериялы сім бойын. Үкіметіне есеп

халықаралық стандарттау ша) беру
базасында сапаны басқару
жүйелерін экспортталатын
қазақстандық өнімдердің
негізгі түрлерін дайындайтын
өнеркәсіптік шаруашылық
жүргізуші субъектілерде
енгізу

2.2. Қоршаған орта үшін ықтимал ЭСМ, ТРЖ Қазақстан 2002-
қауіпті өндірісті шаруашы. ҚОҚМ, Республикасы 2005 ж.ж.
лық жүргізуші субъектіле. ұйымдар Үкіметіне есеп
рінде, ИСО 14000 сериялы (келісім беру
халықаралық стандарттарына бойынша)
сәйкес қоршаған ортаны қор.
ғау жүйелерін құру және
енгізу

3. Сапаны ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және өнімнің бәсекелесу
кабілеттілігін арттыру

3.1. "Сапа" бағдарламасының ЭСМ, ККМ, Нормативтік 2001 ж.
2001-2005 ж.ж. арналған АШМ, құқықтық бойы
өрістетілген нұсқасын Облыс кесімдер
өнеркәсіптің барлық сала. әкімшілік.
ларында қалыптастыру және тері
бекіту

3.2. ЕС 89/336 директивасына ЭСМ, Қазақстан 2001-
сәйкес электромагниттік ұйымдар Республикасының 2002 ж.ж.
үйлесімділігін (бұдан әрі - (келісім Үкіметіне есеп
ЭМС) бағалау бойынша өнім. бойынша) беру
дерге сынақ жүргізуге
арналған материалдық-техни.
калық база жасау

3.3. Мұнай-газ өнеркәсібіне ар. ЭСМ, Қазақстан 2001-
налған; ұйымдар Республикасының 2003 ж.ж.
химия өнеркәсібіне арнал. (келісім Үкіметіне есеп 2002-
ған; бойынша), беру 2004 ж.ж.
тау-кен өнеркәсібіне арнал. Министрлік.
ған Қазақстан Республикасы. тер мен 2001-
ның мемлекеттік сертификат. агенстволар 2005 ж.ж.
тау жүйелерінде технология. (келісім
лық жабдықтарға сынақ жүр. бойынша)
гізу үшін зертханалар құру
және тіркеу

4. Сапа және өнімдер, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің бәсекелесу
қабілеттілігі саласындағы ақпараттық және нормативтік қамтамасыз ету

4.1. Тамақ өнімдерінің гигиена. ЭСМ, Нормативтік 2002-
лық қауіпсіздігін регла. құқықтық 2003 ж.ж.
менттеу; кесімдер
көрсетілетін қызметтерге
гигиеналық қауіпсіздігін
регламенттеу; ДАА,
жеңіл өнеркәсіптегі бала.
лар ассортиментіндегі
өнімдердің қауіпсіздігін
гигиеналық бағалау;
мал дәрігерлік препарат. АШМ,
тарды ерікті сертификаттау;
тұрмыстық электр аспаптарын
жөндеуді ерікті сертификаттау;
тұрмыстық электр аспаптарын
жөндеуді ерікті сертификаттау;
байланыс қызметтерін ерікті
сертификаттау;
көлік және жолаушылар ККМ
тасымалы қызметтерін ерікті

сертификаттау;
көліктік-экспедиторлық қызмет
көрсетулерді ерікті сертифи.
каттау жөніндегі нормативтік
құқықтық кесімдерді әзірлеу

4.2. ИСО 14000 сериясының халық. ТРЖҚОҚМ, Нормативтік 2002-
аралық стандарттары база. ЭСМ, құқықтық 2003 ж.ж.
сында өндірістерді эколо. ұйымдар кесімдер
гиялық сертификаттау сала. (келісім
сындағы мемлекеттік стан. бойынша)
дарттарды әзірлеу

5. Өнімдерді, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сапа жүйелері мен
өндірістерді сертификаттау

5.1. Халықаралық стандарттардың ЭСМ, Нормативтік 2001-
ИСО 9000 сериясы талапта. ТРЖҚОҚМ құқықтық 2005 ж.ж.
рына сәйкес сапа жүйелерін кесімдер
сертификаттау жөніндегі
органдар және халықаралық
стандарттардың ИСО 14000
сериясы талаптарына сәйкес
өндірістерді экологиялық
сертификаттау жөніндегі
органдарды құру

5.2. Шаруашылық субъектілерін ЭСМ, ТРЖ Қазақстан 2001-
дайындау жөнінде соның ҚОҚМ, Республикасы 2005 ж.ж.
ішінде, шетелдік әріптес. министр. Үкіметіне
термен бірлесіп (ITS, SGS, ліктер, ұсыныс
TUF), ұйымдар
сапа жүйелерін сертификат. (келісім
тауға; бойынша)
өндірісті экологиялық сер.

5.3. Кедендік Одақ елдерінде ЭСМ, Нормативтік 2001-
қолданылатын осындай ере. ЭЖМРМ, ККМ, құқықтық 2005 ж.ж.
желер мен рәсімдерімен АШМ, ДАА, кесімдер
өнімнің әртүрлі тобындағы сертификат.
сертификаттау тәртібі мен тау жөнін.
ережесін үйлестіру дегі тіркел.
ген органдар
(келісім
бойынша)

5.4. Еуропалық Қоғамдастықтың ЭСМ, Нормативтік 2001-
(DAR, VDE, TGA), Шығыс мүдделі құқықтық 2005 ж.ж.
және Орталық Европа елдері. мемлекеттік кесімдер
нің сертификаттау жүйелерін. органдар
дегі сертификаттау жөніндегі (келісім
органдарын тіркеу бойынша бойынша)
шетелдік ұйымдармен халық.
аралық ынтымақтастықты қам.
тамасыз ету, сертификаттау
жөніндегі тіркеу органдарын
және сынақ зертханаларын
өзара тану келісімдерін
дайындау

6. Кадрларды даярлау

6.1. Қоршаған ортаның қауіпсіз. ЭСМ, Нормативтік 2001-
дігін қамтамасыз ету жүйе. ТРЖАОҚМ, құқықтық 2005 ж.ж.
лерін, сапа жүйелерін, ДАА кесімдер
өнімдерді, көрсетілетін
қызметтерді сертификаттау
жөніндегі сарапшы -

аудиторлар даярлауды қам.

тамасыз ету

6.2. Сапаны басқару және стан. ЭСМ, Нормативтік 2001-
дарттау, метрология және мүдделі құқықтық 2005 ж.ж.
сертификаттау саласындағы мемлекет. кесімдер
ұйымдардың басшы кадрлары. тік орган.
ның біліктілігін арттыру. дар
дың үлгілік бағдарламасын
әзірлеу

6.3. Сапаны басқару және стан. ЭСМ Қазақстан 2001-
дарттау, метрология және Республикасының 2002 ж.ж.
сертификаттау саласындағы Үкіметіне
әдістемелік құралдар және есеп беру
оқулықтар шығару мен әзірлеу

6.4. Мынадай құрылымымен: Бж ҒМ, Нормативтік 2002-
орта білім жүйесінде сапа ЭСМ құқықтық 2005 ж.ж.
туралы білімнің негізі; кесімдер
арнаулы орта және кәсіптік
оқу орындарында оқушыларды
сапаны басқару жүйесіндегі
кейінгі жұмыстар үшін
даярлау;
жоғары білім жүйесінде
барлық мамандықтар үшін
сапаны қамтамасыз ету
саласында мамандар даярлау;
сапа саласында ғылыми-зерттеу
және сапа саласындағы оқыту
жүйесін құру бағдарламасын
әзірлеу

7. Сапаны арттыру саласындағы ұйымдастыру және насихаттау

7.1. Стандарттау, метрология және ЭСМ Қазақстан 2001-
сертификаттау жөніндегі Республикасының 2005 ж.ж.
халықаралық, мемлекетара. Үкіметіне есеп
лық ұйымдардың жұмысына беру
қатысу және стандарттау,
метрология және сертификат.
тау жөніндегі ұлттық ұйым.
дармен ынтымақтастықты
қамтамасыз ету

7.2. Сапа проблемалары жөнінде: МАҚКМ, ЭСМ, Қазақстан 2001-
қолданыстағы заңнамаға мүдделі Республикасының 2005 ж.ж.
сәйкес сапа жүйелерін мемлекет. Үкіметіне есеп
және өндірісті, өнімді тік орган. беру
сертификаттауды жүзеге дар
асырудың ерекшеліктері
туралы;
"Сертификаттау туралы"
Қазақстан Республикасы
Заңының Z990434_ 7-бабындағы
2-тармақтың 5-абзацына
сәйкес тіркеу жөніндегі
комиссияларды құру мәсе.
лелері туралы баспасөзде,
радио және теледидар
хабарларында тұрақты
жарияланымдар мен айдарлар
ұйымдастыруды қамтамасыз
ету

7.3. Стандарттау, метрология және ЭСМ Қазақстан 2001-
сертификаттау мәселелері Республикасының 2005 ж.ж.
жөнінде семинарлар мен Үкіметіне есеп
мәслихаттар өткізу беру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК